

Жеке тұрғын үй қорындағы және жалға берілетін үйлердегі тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақы төлеу жөніндегі шығыстары жергілікті бюджетке жүктелген азаматтардың санаттарын айқындау туралы

Ақтөбе облысы Үргыз аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 63 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 сәуірде № 3560 болып тіркелді

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Үргыз аудандық мәслихатының 26.03.2020 № 299 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабына сәйкес Үргыз аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Жеке тұрғын үй қорындағы және жалға берілетін үйлердегі тұрғынжайды пайдаланғаны үшін, төлемақыны төлеу жөніндегі шығыстары жергілікті бюджетке жүктелген азаматтардың санаттары айқындалсын:

Ұлы Отан соғысының ардагерлері;

Женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Үргыз аудандық мәслихатының 21.12.2021 № 87 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы:

Н. САДЫКОВ

Аудандық мәслихат
хатшысы:

К. ҚОСАЯКОВ